E-mail: almauytova73@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4719-4685>.

Аннотация. Мақалада күнделік жанрының ерекшеліктері жан-жақты талданып, бұл жанрға қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары сарапталады. Күнделіктің естелік, мемуар, очерк және хат жанрларымен байланысы ғылыми зерттеулер негізінде қарастырылып, оны оқытудың әдістемелік ерекшеліктері айқындалады. Зерттеу нәтижелері күнделік жанрының деректік және шығармашылық құндылығын, сондай-ақ білім алушылардың тұлғалық дамуы мен тәрбиесінде маңызға ие екенін эксперименттік талдаулар арқылы көрсетеді. Жалпы алғанда, күнделік – жеке адамның ішкі жан дүниесін, өмірлік тәжірибесін, ой-толғанысын және әлеуметтік көзқарасын бейнелейтін, әрі өмірбаяндық, әрі шығармашылық сипаттағы жанр. Қазіргі білім беру жүйесінде күнделік жазу оқушылардың тілдік, шығармашылық және рефлексивтік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс білім алушының өзін-өзі тануына, эмоциялық күйін реттеуіне, ойлау әрекетін талдауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, күнделік жазу сауаттылықты арттырып, жазба мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Цифрлық дәуір жағдайында блогтар мен әлеуметтік желілердің кең таралуы күнделік жанрының жаңа формаларын қалыптастырып, оны заманауи

коммуникациямен ұштастырады. Зерттеуде күнделіктің табиғаты естелік, очерк және хат жанрларымен сабақтасып жататыны дәлелденіп, бірқатар ғалымдардың пікірлері негізінде күнделік адам жанының «бағдаршамы» ретінде бағаланатыны көрсетіледі. Себебі күнделік тек деректік материал көзі ғана емес, сонымен қатар психотерапиялық әсері жоғары жанрлардың бірі. Әдебиет сабақтарында күнделік жазуды қолдану оқушылардың эмоционалды-эстетикалық қабылдауын, мәдени-танымдық белсенділігін дамытып, көркем образдарды терең түсінуіне жағдай жасайды. Мақалада осы аспектілер ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан талданып, күнделік жанрын оқыту арқылы білім алушылардың шығармашылық әлеуетін арттыру және психотерапиялық мүмкіндіктерін анықтау бағытында тәжірибелік жұмыс нәтижелері ұсынылған.

Түйін сөздер: Жанр, күнделік, оқыту, әдіс, әдістеме, шығармашылық

А. Шормакова¹, А. Утегенова^{2*}, А. Алмаутова², 2025.

Университета Международного Бизнеса имени Кенжегали Сагадиева,
Алматы, Казахстан;

²Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан;
E-mail: aya1391@mail.ru

ЖАНРОВАЯ СПЕЦИФИКА ДНЕВНИКА И АКТУАЛЬНОСТЬ ЕГО ПРЕПОДАВАНИЯ

Шормакова Арайлым — PhD, доцент Университета Международного Бизнеса имени Кенжегали Сагадиева, Алматы, Казахстан,

E-mail: Arailymbotan@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-7758-065>;

Утегенова Аякоз — докторант Кызылординского университета имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан,

E-mail: aya1391@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5079-2849>;

Алмаутова Асия — кандидат филологических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан,

E-mail: almauytova73@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4719-4685>.

Аннотация. В статье всесторонне анализируются жанровые особенности дневника, обобщаются и систематизируются взгляды исследователей, изучавших данный жанр, и формулируются соответствующие выводы. На основе научных работ выявляются общие черты дневника с мемуарами, очерком и эпистолярным жанром, а также рассматриваются методические аспекты его изучения в образовательном процессе. Экспериментальные данные подтверждают документальную и художественно-творческую ценность дневникового жанра, а также его значимость в воспитании обучающихся. Дневник отражает внутренний мир личности, её жизненный опыт, размышления и социальные ориентиры, сочетая биографическое содержание с творческим самовыражением. В современной системе образования дневник способствует развитию языковых, творческих и рефлексивных навыков учащихся, выступая эффективным средством самопознания и осмысления личностного развития.

Ведение дневника помогает обучающимся анализировать собственные эмоции и мысли, совершенствовать письменную речь и общую грамотность. В условиях цифровой эпохи широкое распространение блогов и социальных сетей приводит к трансформации традиционной формы дневника и адаптирует обучающихся к современным форматам коммуникации. Анализ исследований показывает, что дневник можно рассматривать как индикатор внутреннего состояния личности, поскольку данный жанр обладает высокой ценностью не только в документальном, но и в психотерапевтическом аспекте. Использование дневника на уроках литературы способствует не только литературному развитию учащихся, но и формированию образного мышления, развитию эмоционально-эстетического и культурно-познавательного опыта, а также воспитательных качеств личности. В статье данные аспекты рассматриваются с научно-практических позиций, представлены результаты работы по определению возможностей дневника в развитии творческих способностей обучающихся и выявлению его психотерапевтического потенциала.

Ключевые слова: жанр, дневник, обучение, метод, методика, творчество

Кіріспе. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі мақсаты да азаматтық және адамгершілік ұстанымдардың қалыптасуы негізінде болашақ маман тұлғасының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін негізгі құзыреттілік жүйесіне және өзін-өзі дамыту және өмір бойы білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастыруға және т.б. бағытталады (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>, 2025). Білім беру қызметінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда оның танымдық-тәрбиелік маңызына баса назар аудару, оқу жоспарларын осыған сай бағыттау оқытуда өз нәтижесін беретіні сөзсіз. Жастардың бойында адамгершілік ұстаным мен рухани әлеует, креативті ойлау дағдысын қалыптастыруда әдебиет пәнінің құндылығы жоғары. Себебі, қазіргі ғылым мен техниканың дамыған кезеңінде жастарды шығармашылыққа баулу кезек күттірмес мәселе. Ал, әдебиет – қоғамды рухани жаңғырта отырып, ұлттық идеологияны қалыптастырады, тұлғаны шығармашылық тұрғыдан байытады.

Әдебиеттің қарастыратын тақырыбы мен жанрлық ерекшелігіне, көркемдік сипаты қарай жоғары оқу орнында оқытудың да өзіндік тәсілдері, әдістері болатыны заңды. Теориялық зерттеулер нәтижесінде күнделіктің жанрлық ауқымдылығын, оқырманға әсер ету ықтималдылығының жоғарылығын, шығармашылық, эмоциялық қабілетінің басымдығын атап өтуге болады. Зерттеу жұмысында күнделік жанрын оқытудың ерекшелігі теориялық зерттеулерге сүйене отырып, эксперименттік талдаулар арқылы жүргізіледі. Қазіргі таңда әдебиеттануда күнделік жанрын анықтауда ортақ пікір жоқ. Орыс ғалымы А.В. Яркова (Яркова, 1972) күнделікті деректі-көркем шығармалар тобына қосса, О.Г.Егоров күнделікті динамикалық автохарактеристиканы жеткізетін жанрлық форма ретінде сипаттап, адамның табиғаты мен өмірін бірізді мәлімдемелер арқылы тұрақты уақыт тізбегінде бейнелейтінін айтады

(Егоров, 2002). Әлем әдебиетіне зер салсақ күнделік жазу тәжірибесі ертеден қалыптасқан. Ал, қазақ әдебиетінде XIX ғасырларда бастау алды. Қазақ халқының ұлы ағартушысы Шоқан Уәлихановтың «Ыстықкөл күнделіктері» (Уәлиханов, 2016) , «Қашқар күнделіктері» – әдебиеттегі қайталанбас туындылар. Қазақ даласында қағазға түсіп, араға көп жыл салып барып А.Янушкевичтің күнделік жазбалары да құнды жәдігерлік. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері М.Әуезов (Әуезов, 2025), Ғ.Мүсірепов, Ә. Нұршайықовтың (Нұршайықов, 2000) және т.б. қаламгерлердің күнделіктері де ұлттық әдебиетіміздегі баға жетпес туындылар.

Жалпы, зерттеуші ғалымдар күнделікке шынайы тұлғалардың күнделікті автобиографиялық жазбалары түрінде бірінші жақтан баяндау формасы ретінде қарастырады. Әдетте, мұндай жазбалар ретроспективті болмайды, олар суреттеліп жатқан оқиғалармен бір уақытта орын алады. Күнделіктер көбінесе көркем прозаның жанрлық түрі және шынайы тұлғалардың автобиографиялық жазбалары ретінде көрінетінін айтады. Күнделіктің айрықша белгісі – күнделік иесі адамда, басқа адамдарда, жалпы әлемде байқалмаған нәрсені кенеттен түсінуі, ашуы болып табылады (Matich, 1992).

Материалдар мен әдістер. М.М. Бахтин күнделікті алғашқы сөз жанрына жатқызып, оның өзін-өзі есеп беру – мойындау және өмірбаянмен ұқсас белгілері бар екенін атап өтеді. Автор «Тәубеге келу үні өмірдің биографиялық сипатына жиі араласады, бірақ жеңіс биографиялық құндылыққа тиесілі болады. Мұндай қақтығыс, күрес немесе компромисс күнделіктерде жаңа дәуірде жиі байқалады» деп атап өтеді (Бахтин, 2000). Күнделік жазушының шығармашылық зертханасына ғана емес, сонымен қатар оның жеке өмірі мен рухани әлеміне енуге мүмкіндік береді. Күнделікте жазушы болашақ әдеби шығармаларына материал жинап қана қоймай, олардың формасын жетілдіреді, ойлайды, өз шығармашылығын бағалайды.

Сонымен бірге күнделіктің эстетикалық маңыздылығы да жоғары. Күнделік жазушы өзіне есеп бере отырып, өзінің эстетикалық әлеуетін көрсетеді.

Күнделіктің яғни, деректі-көркем жанрдың эстетикалық әлеуетін неден байқаймыз?

Біріншіден, эмоционалды-психологиялық тұрғыда оқырман түрлі сезімдерді бастан кешіреді: уайым, қуаныш, аяушылық, өкініш.

Екіншіден, күнделік, кез келген басқа шығарма сияқты, белгілі бір әлем моделін бейнелейді. Ол мазмұнды, демек, оның кейіпкерлері бар.

Үшіншіден, күнделік авторының рөлі маңызды, оның өз стилі бар, ол өмірлік шынайы фактілерді іріктеп, қорытып, оларды ерекше тілімен жеткізеді. Осылайша, күнделіктің фактілік материалы эмоционалдық әсер береді. Автордың жалпы стилі мен қолданған элементтер жүйесі шынайылық атмосферасын тудырады. Бұл құжаттың эстетикалық әлеуетінің көрінісі.

Осы жанрға арқа сүйеген жазушылардың бірі мемлекет және қайраткері, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков. Оның бірнеше ғылыми-публицистикалық еңбектерімен қоса 1993-1996

жылдар арасын қамтитын күнделіктері «Елшінің күнделігінен» деген атпен 1997 жылы «Ел тағдыры – ер тағдыры» (Жолдасбеков, 1997) дейтін кітабында жарияланған болатын. Оқырман тарапынан жылы қабылданған қаламгердің күнделік кітаптарының бәрінде тәуелсіздік тағылымы, ел тағдыры, қоғам, жер, дін, адамгершілік туралы айтылады. Ғалым күнделіктерінің бір ерекшеліктері кемел тұлғалардың ой-толғаныстары мен парасатты пікір пайымдарының насихатталуы.

«Күндерімнің куәсі» (Жолдасбеков, 2017) атты күнделік жазбасында ол түрлі тақырыпқа қалам тербейді және ондағы деректер сан алуандығымен өзіне тарта отырып, жазушы жадының мықтылығына таңғалдырады. Ғалымның күнделігі оның ішкі жан-дүниесінен көп сыр шертеді, өткен күн мен бүгіннен мәлімет береді. Мәселен, «Күнделік жазбағалы бір қымбатымды жоғалтқандай күй кештім. Сырласымнан, жақынымнан, мұңдасымнан айырылғандай болдым. Сөйтіп бүгін қолыма қайта қалам алдым. Күнделікпен қайта табыстым», - деген жазбасынан аталған жанрдың адам жаны үшін маңыздылығын аңғаруға болады. Жалпы, М. Жолдасбековтың күнделік-жазбаларынан елге деген құрметін, ішкі патриотизмін, азаматтық болмысын, ұлтқа, жастарға деген жанашырлық, ағалық ілтипатымен қатар, тарихи-деректілік құндылығы мен биографиялық маңызы ерекше.

Зерттеуші И.В. Голубева: «Күнделік мемуарлық прозаның жанрларының орталық орнын иеленіп, биография, автобиография, әдеби портрет, очерк, хат жанрларымен байланысты. Аталған жанрлар келесі интеграциялық белгілерге ие: шынайылық, сипатталатын объектілердің дәлдігі, ойдан шығарудың болмауы және сипатталатын шындықтың авторлық интерпретациясы. Күнделіктің дифференциалдық белгілері оппозициялық талдау негізінде ерекшеленеді», - дей келе бірнеше топқа жіктейді.

1. Биография және күнделік: баяндау субъектісі мен объектісінің сәйкестігі/сәйкес еместігі – күнделікте баяндау субъектісі мен объектісі автордың тұлғасында сәйкес келеді, яғни нақты өмір сүретін адам;

2. Автобиография және күнделік: оқиғаларды белгілі бір уақыт аралығында ретроспективті көрсетуге күнделікте оқиғаның синхронды түрде өтуі мен оның бекітілуі қарсы қойылады;

3. Әдеби портрет және күнделік: әдеби портрет кейіпкердің физикалық, рухани, шығармашылық бейнесін толық қалпына келтіруге немесе оның өмірінің лейтмотивін, пафосын ашуға ұмтылады, кейде белгілі бір уақыт аралығында күнделік дискретті композицияға ие, ол адамның өмірінің барлық қырларын дамудың динамикасында, тұлғаның қалыптасу үдерісінде көрсетеді;

4. Очерк және күнделік: очеркте нақты оқиғалар мен фактілерді сипаттау авторлық қиялмен бірге жүреді, ал күнделікте қиял мүлдем жоқ;

5. Хат және күнделік: эпистолярлық жанрдың басты ерекшелігі – оның адресатқа бағытталуы, күнделікте хабарды жіберуші мен қабылдаушы сәйкес келеді, күнделік – бұл автордың өзімен әңгімесі, автокоммуникация (Ю.М. Лотман);

6. Шежіре және күнделік: шежіреде уақыт тарихи үдерістің басты субъектісі болып табылады, сюжет құрушы күш, ал күнделікте бірінші орынға автордың тұлғасы шығады;

7. Жазба кітапша және күнделік: жазба кітапша – бұл «шығармашылық даярлықтардың» жинағы – жоспарлар, ойлар, бастапқы эскиздер, естілген сөздер мен сөз тіркестері, көбінесе практикалық мақсаттарға қызмет етеді, «шығармашылық ойдың ең алғашқы, лезде жарқыраған ұшқыны қалай пайда болатынын, оның мазмұнмен толығып, формаға айналып, көркемдік сипатқа ие болатынын» көрсетуге көмектеседі (Голубева, 2001).


Талдаулар. Жоғарыда атап өткеніміздей күнделік табиғаты жағынан естелік-мемуар, очерк, хат жанрларымен астасып жатыр. Бірқатар отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың пікірін саралай келе, күнделікті адам жанының бағдаршамы деп атауға негіз бар. Себебі, бұл жанр тек деректік жағынан емес, психотерапиялық тұрғыдан да әсерлілігі жоғары (Tourgueneff, 1907). Қазіргі білім берудің басты талабы жастарды «тұлғалық» дамыту десек, оқушыларды «тұлғатану» арқылы «тұлғалық» дамыту әдебиет пәніне де зор жауапкершілік жүктейді. Сондықтан, әдебиет пәндері аясында оқушыларды күнделік жазуға бейімдеу арқылы оларды әдеби байытып қана қоймай, күнделікті өмір белесіндегі «тұлғалар» арқылы образ қалыптастыруға, эмоционалды-эстетикалық, мәдени-ағартушылық, танымдық-тәрбиелік бағыт беруге болады. Сонымен бірге, білім алушылардың түсіну дағдылары да қалыптасады (Sarmurzin, 2025).

Естелік пен күнделік бірін бірі толықтырып тұратын, мазмұны мен мағынасы жағынан ұқсас жанр. Әдебиетші Наталья Банк «Нить времени» еңбегінде «Күнделікке» байланысты әдебиеттерді мынадай жүйеде топтастырады:

- 1) Көркем әдебиетке қатысы жоқ, таза күнделіктер.
- 2) Күнделіктерден өсіп шыққан көркем, көркем-деректі әдебиет.
- 3) Күнделіктің әлем әдебиетіне ықпалын қарастырады (Банк, 1978)

Ғалымдардың пікірін саралай келе, жазылған күнделіктердің барлығынан әдеби көркемдік іздеу қате ұғым екенін түсінеміз. Дегенмен, зерттеуші М.Ю.Михеев деректі және көркем әдебиеттің арасында шекара жоқ екенін айтады (Михеев, 2007)

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу жұмысы аясында жастардың аталған жанрға деген қызығушылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға Қорқыт ата атындағы ҚУ «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Журналистика» БББ бойынша 1-2 курс аралығында 138 білім алушы қатысты. Нәтижесінде білім алушылардың 39,9 пайызы мүлде күнделік жазбайтынын көрсетсе, мүлде кітап оқымайтын білім алушылар үлесі 4 пайызды құрап отыр.



Сурет 1. Студенттер арасында жүргізілген сауалнама көрсеткіші

1 кесте – Студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі

Сауалнама	Пайызы
Күнделік жазасыз ба?	
Жазамын	48,6
Жазғым келеді	34,1
Жазбаймын	17,4
Жазушы күнделіктерімен таныссыз ба?	
Иә	31,9
Қызығып оқимын	13
Мүлде оқымаймын	55,1
Қай кезеңнен бастап күнделік жазасыз?	
Мектеп қабырғасынан	49,3
Мүлде жазбаймын	43,5
Күнделікті жазып отырамын	7,2
Күнделікті не үшін жазасыз?	
Сырласу үшін	1,9
Жан дүниемді ашу үшін	21,7
Жазбаймын	39,9
Өзіммен оңаша қалу үшін	15,9
Сіздің жауабыңыз _____	20,4
Күнделік жазғанда қандай әсерде боласыз?	
Жеңілдеймін	29,7
Жан дүнием тазарады	5,1
Өзіме есеп беремін	24,6
Шығармашылыққа қабілетім ашылады	9,4
Күнделіктен кейін көркем шығарма оқимын	3,6
Сіздің жауабыңыз _____	27,6
Соңғы оқыған кітабыңыз қандай?	
Психологиялық	23,2
Мотивациялық	23,9
Публицистикалық	3,6
Көркем-шығарма	49,3

Күннің қай уақытында күнделік жазуға отырасыз?	
Таңғы уақытта	2,2
Кешкі уақытта	36,2
Уақытқа қарамаймын	39,9
Кез келген уақытта жазып жүремін	21,7
Күніне қанша сағатыңызды күнделік жазуға арнайсыз?	
2 сағат	4,3
Уақыт бөлмеймін	9,4
Мүлде жазбаймын	27,5
Әр кезде әрқалай	58,7

Сауалнама көрсеткішіне сәйкес, студент-жастардың күнделік жазуға, көркем шығарма оқуға деген қызығушылығын арттыру жолдарын қарастырамыз. Университет ғалымдарымен жүргізілген оқу-әдістемелік семинар мен педагогикалық консилиум нәтижесінде аталған жанрдың білім алушыларға тәрбиелік-танымдық маңызының жоғары екендігімен қатар, шығармашылық ойлау қабілетін арттыратыны атап өтілді. Аталған жанрды әдебиеттану мен журналистиканың «Публицистикалық шығармашылық негіздері», «Әдебиеттану негіздері» пәндері аясында қарастыруға ұсыныс тасталды.

2-кесте. «Публицистикалық шығармашылық негіздері», «Әдебиеттану негіздері» пәні аясында қарастыруға ұсынылатын тақырыптар

№	Сабақ түрі	Тақырып атауы
1	Практикалық/ семинар сабақтары	Күнделіктің жанрлық ерекшелігі Күнделіктер құжат және әдеби форма ретінде Күнделіктегі уақыт пен кеңістік Күнделіктегі «жалпы» және «жеке» ұғымдар Күнделіктегі «адам», «тұлға» бейнесі Күнделіктің көркемдік-эстетикалық әлеуеті Көркем прозадағы күнделік Поэзия жанрындағы күнделік Жазушы күнделігі Өнер адамдарының күнделі Қоғам қайраткерлерінің күнделігі
2	Студенттің өзіндік жұмысы	1-тапсырма: Күнделік жазуды даңдыға айналдыру 2-тапсырма: Күнделікпен сырласу 3-тапсырма: Кітап менің сырласым (аптасына 1 кітап оқуға машықтану) 4-тапсырма: Күнделік жазу арқылы рухани тазару 5-тапсырма: Күнделіктегі «ішкі диалог» және т.б.

Қазіргі техника мен технологияның дамыған кезеңінде білім алушыларға рухани демеу мен психологиялық қолдау аса қажет. Ал, күнделік жастардың бойындағы осы олқылықтарды толтырудың бірден-бір жолы. Күнделік бірнеше функцияны бір уақытта орындайды. Олардың кейбіреулері авторға айқын, ал кейбіреулері тек белгілі бір кезеңдерде немесе ерекше жағдайларда өзекті болады, ал үшінші түрлері мүлдем байқалмауы мүмкін. Зерттеуші А.М. Колядинаның (Колядина, 2006) айтуынша, жеке күнделіктің ең маңызды

функциялары:

Психотерапиялық. Жазбаша рационализация арқылы эмоционалдық және жүйкелік шиеленісті жеңілдету.


Исповедальді. Ішкі ең құпия сезімдерді бөлісуді жүзеге асырады.

Мәдени-ойыншыл. Күнделік – белгілі бір артықшылық, қиял немесе кітаптағы кейіпкерлерге еліктеу. Оны жүргізуге болады, бірақ міндетті емес, кез келген ойын сияқты, ол да ләззат береді.

Шығармашылық. Күнделікте автор еріксіз оқиғаларды әдеби немесе квазилитературлық формада баяндауға мәжбүр. Күнделік стилі әңгіме, ой толғау жанрына сәйкес ұйымдастырылып, сюжет құру қажеттілігі туындайды. Кейбір авторлар күнделікті метафоралық «өмір кітабы» немесе болашақ шынайы кітаптың прототипі ретінде қабылдайтыны бекер емес. Автокогнитивті. Өткен жазбаларды үнемі қайта оқи отырып, автор өз сезімдерінің, ойларының және әрекеттерінің логикасын жақсырақ түсіне бастайды.

Осы ретте, қазіргі техникаға байланған бүгінгі ұрпақтың күнделік жанры арқылы шығармашылық қабілетін арттыру және психотерапиялық мүмкіншілігін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жүргіздік. Тәжірибелік зерттеу аясында білім алушыларға 1 апта үздіксіз күнделік жазу тапсырмасы берілді. Нәтижесінде, 42 пайыз білім алушылар күнделік жазуға дағдыланса, оның 21 пайызы психотерапиялық маңызын сезінген. Ал, 16 пайыз білім алушылар күнделік жазу арқылы түрлі көркем шығармаларды оқуға машықтанған. 35 пайыз білім алушылар жады жақсарғанын және есте сақтау қабілетінің артқанын растап отыр. Сауалнамаға қатысушылардың 86 пайызы исповедальді әсер еткенін көрсетеді. Бұл көрсеткіштен аталған жанрдың білім алушыларға сапалы әсер ететінін аңғаруға болады.

■ Психотерапиялық ■ Исповедальді ■ Мәдени-ойыншыл ■ Шығармашылық ■ Автокогнитивті



Сурет 2 - А.М. Колядинаның зерттеуі бойынша жүргізілген сауалнама көрсеткіші

Қорытынды. Қорыта айтқанда, күнделік табиғаты жағынан естелік-мемуар, очерк, хат жанрларымен астасып жатыр. Бірқатар зерттеуші ғалымдардың пікірін саралай келе, күнделікті адам жанының бағдаршамы деп атауға негіз бар. Себебі, бұл жанр тек деректік жағынан емес, психотерапиялық тұрғыдан да әсерлілігі жоғары. Сондықтан, әдебиет пәндері аясында оқушыларды күнделік жазуға бейімдеу арқылы оларды әдеби байытып қана қоймай, күнделікті өмір белесіндегі «тұлғалар» арқылы образ қалыптастыруға, эмоционалды-эстетикалық, мәдени-ағартушылық, танымдық-тәрбиелік бағыт беруге үлкен септігін тигізеді.

Әдебиеттер

- Әуезов М. (2025) Жапония күнделіктері: Алматы; «Marfu Press». — 2025-112 б.
- Бахтин М.М. (2000) Автор и герой в эстетической деятельности: К философским основам гуманитарных наук. — СПб.: «Азбука», 2000.
- Банк Н. (1978) Нить времени. — Л.: Советский писатель. — 1978 г. — 248 с.
- Валиханов Ч. (2016) Страна шести городов: дневник путешествия на Иссык-Куль, М.: Эксмо. — 439 б.
- Голубева И.В. (2001) Опыт создания речевого портрета (на материале экспрессивного синтаксиса мемуарной прозы). — Таганрог, 2001.
- Ivan Tourgueneff. Letters a Madame Viardot, publiees et annotees par E.Halperine-Kaminsky. Paris, 1907.
- Нұршайықов Ә. (2000) Өмір өрнектері: Әдеби күнделіктер. — 1-кітап. — Алматы: Өлке, 2000.-608 б.
- Егоров О.Г. (2003) Русский литературный дневник XIX века. История и теория жанра: Исследование. О.Г. Егоров. — М.: Флинта: Наука, 2003.
- Yerbol Sarmurzin, Bayan Kerimbekova, Aitbay Zhumagulov. “Forced us to adopt alternative pedagogical approaches”: Kazakhstani reading literacy improvement initiatives. Asian Education and Development Studies ISSN: 20463162 Volume: 13 Issue. — P. 31 – 44 / Article2024EID: 2-s2.0-85178953998. DOI: 10.1108/AEDS-06-2023-0062
- Жолдасбеков М. (2017) Күндерімнің куәсі: [күнделіктер]. — Астана: Фолиант, 2017. — 320 б.
- Жолдасбеков М. (1997) Ел тағдыры-ер тағдыры. — Алматы : Санат, 1997. — 688 б.
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
- Колядина А.М. (2006) Дневник как литературный жанр. Литература, №19 (610), 1 15.10.2006. Издательский дом «Первое сентября
- Мүсірепов Ғ. (2012) Тандамалы шығармалары [кұраст. Ә. Қайырбеков; жоба жетекшісі Қ. Ботбай]. — Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2012. — 1119 б
- Михеев М. (2007) Дневник как эго-текст (Россия XIX – XX) — М: Водолей. 2007. — 264 с.
- Matich Olga. (1992) Dialectics of cultural return: Zinaida Gippius personal myth. Berkeley, University of California Press.
- Яркова А.В. (2002) Жанровое своеобразие творчества Б.К. Зайцева 1922-1972. годов Литературно-критический и документальный жанры. Санкт-Петербург: Издательство Ленинградского государственного университета им. А. С. Пушкина.
- Зайцева 1922-1972. годов. Литературно-критические и художественно-документальные жанры. Монография. — СПб.: ЛГООУ им. А.С. Пушкина, 2002.

References

- Auezov M. (2025) Zhaponiya kundikteri [Diaries of Japan]: Almaty; “Marfu Press”, 2025. — 112 b.(in Kaz.).

Bakhtin M.M. (2000) Avtor i geroj v esteticheskoy deyatelnosti [The author and the hero in aesthetic activity]: Toward a Philosophical Foundation for the Humanities. Saint Petersburg: Azbuka. (in Russ.).

Bank N. (1978) Nit' vremeni [The thread of Time]. Leningrad: Sovetsky Pisatel. (in Russ.).

Valikhanov Ch. (2016) Strana shesti gorodov: dnevnik puteshestviya na Issyk-Kul [The Country of six cities: a travel diary to Issyk-Kul] — M.: Eksmo, 2016. — 439 b. (in Russ.).

Golubeva I.V. (2001) Opyt sozdaniya rechevogo portreta (na materiale ekspressivnogo sintaksisa memuarnoj prozy) [The experience of creating a speech portrait (based on the expressive syntax of memoir prose)]. Taganrog. (in Russ.).

Ivan Tourgueneff. Letters a Madame Viardot, publiees et annotees par E.Halperine-Kaminsky. Paris, 1907. (in Eng.).

Nurshaikyov, A. (2000). Omir onekteri: Adebı kundelikter [Patterns of life: literary Diaries]. 1-kitap. Almaty: Olke. 608 b. (in Kaz.).

Egorov O. G. (2003). Russkij literaturnyj dnevnik XIX veka: [A Russian literary diary of the 19th century.]. History and theory of the genre, Moscow: Flinta; Nauka. (in Russ.).

Yerbol Sarmurzin, Bayan Kerimbekova, Aitbay Zhumagulov. "Forced us to adopt alternative pedagogical approaches": Kazakhstanı reading literacy improvement initiatives. Asian Education and Development Studies ISSN: 20463162 Volume: 13 Issue: 1 Pages: 31 – 44 / Article2024EID: 2-s2.0-85178953998. DOI: 10.1108/AEDS-06-2023-0062 (in Eng.).

Zholdasbekov M. (2017) Kunderymning kuaesi: [kundikter] [Witness my days]. — Astana: Foliant, 2017. — 320 b. (in Kaz.).

Zholdasbekov, M. (1997) El tagdyry – er tagdyry [The fate of the country is the fate of a man] – Almaty: Sanat, 1997. – 688 b. (in Kaz.).

Zhogary zhane zhogary oku orynyndan keyingi bilim berudin memlekettik zholyga mindetti standarttarın bekiye turaly Qazaqstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrinın 2022 jyldy 20 shildegi № 2 buırygy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> (in Kaz.).

Kolyadina A.M. (2006, October 15). Dnevnik kak literaturnyj zhanr [The diary as a literary genre]. Literatura, (19) [610]. Moscow: Publishing House "Pervoe Sentyabrya". (in Russ.).

Musirepov G. (2012). Tandamaly shygarmalary [Selected works] [qurast. A. Qaiyrbekov; zhoba zheteksisi Q. Botbai]. — Almaty: QAZAqparat, 2012. — 1119 b. (in Kaz.).

Mikheev M. (2007). Dnevnik kak ego-tekst (Rossiya XIX – XX) [The Diary as an Ego-Text (Russia, 19th–20th Centuries)]. Moscow: Vodoley (in Russ.).

Matich Olga. Dialectics of cultural return: Zinaida Gippius personal myth/ Berkeley, University of California Press. 1992. (in Eng.).

Yarkova A.V. (2002). ZHANrovoe svoeobrazie tvorchestva B.K. Zajceva 1922-1972. godov [The Genre Specificity of B.K. Zaitsev's Works (1922–1972)]: Literary-Critical and Documentary Genres. Saint Petersburg: A. S. Pushkin Leningrad State University Press (in Russ.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 31.12.2025.

46,0 п.л. Заказ 6.